

Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығу ережесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 шілдедегі N 1010 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 361 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.28 № 361 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңын орындау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының еркін қозғалысы құқықтарын іске асыру, елден шығу мәселелерін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Z 1 1 0 0 0 0 4 7 7

қ а р а ң ы з

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісім бойынша өздерінің нормативтік құқықтық кесімдерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3 . М ы н а л а р д ы ң :

1) "Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету туралы уақытша ереже туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 29 қыркүйектегі N 813 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 37, 569-құжат);

2) "Қазақстан Республикасына келу және Қазақстан Республикасынан кету туралы уақытша ереже туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 29 қыркүйектегі N 813 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 24 наурыздағы N 228 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 9, 107-қ ұ ж а т) ;

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 31 қазандағы N 1408

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 33, 428-құжат)

күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 26 шілдедегі

N 1010 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығу ЕРЕЖЕСІ

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Халықтың көші-қоны туралы", "Мемлекеттік құпиялар туралы", "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығу тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының әрбір азаматы Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығуға және Қазақстан Республикасына кедергісіз қайта оралуға құқылы. Шығу және қайта оралу Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты бойынша жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының азаматына Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығуына рұқсат беруден уақытша бас тартылуы мүмкін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.05.31. N 479 қаулысымен.

4. Мемлекеттік құпияларға қол жетімділігіне байланысты өзінің Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығуын мүмкіндігінше шектеу жөнінде өзіне міндеттемелер алған және шекарадан тысқары шығуға ниет білдірген Қазақстан Республикасының азаматтары (бұдан әрі - құпиялықты сақтаушылар) сапарының мақсатына қарамастан, көрсетілген міндеттемелерге өздері қол қойған мемлекеттік органдардың немесе басқа ұйымдардың (бұдан әрі - ұйымдар) басшыларынан алдын ала шығуға рұқсат алуға міндетті.

Ұйымдар қайта ұйымдастырылған жағдайда, құпиялықты сақтаушылар Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығу мүмкіндігі туралы шешімді, олардың құқықтық мұрагерлері болып табылатын ұйымдардың басшылары

қ а б ы л д а й д ы .

Құпиялықты сақтаушылардың шығуына рұқсат беру туралы шешімді құпиялықты сақтаушылар алған міндеттемелерді және олардың мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен нақты хабарланғанын ескере отырып, ұйымдардың басшылары қабылдайды.

Бұл ретте, ол адамның мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен хабарланғаны туралы қорытынды ұлттық қауіпсіздік органдарына жіберіледі.

Ұйымдар таратылған (қысқартылған) кезде, құпиялықты сақтаушылардың шығу мүмкіндігі туралы шешімді тұрғылықты орны бойынша аумақтық ұлттық қауіпсіздік органдарының басшылары қабылдайды.

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығуына рұқсат беру немесе дәлелді бас тарту азаматтардың өтініштерін қарау үшін заңнамада белгіленген мерзімде беріледі.

Құпиялықты сақтаушы Қазақстан Республикасының тысқары жерлерге рұқсатсыз шыққан жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіптік немесе өзге де жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

5. Тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасынан шығу ішкі істер органдарының рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге өзге де мақсаттармен (қызметтік, жеке жұмыстарымен, туристер ретінде, жұмысқа, оқуға, емделуге, демалуға) шығу кезінде ішкі істер органдарының рұқсаты талап етілмейді.

6. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін рұқсат беру рәсімі Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісім бойынша айқындайды .

7. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұру үшін шығу туралы өтінішті 18 жасқа толған адамдар, ал некеде тұрған адамдар 16 жастан бере алады. Балалардың және сот іс-әрекетке қабілеті жоқ деп таныған азаматтардың құжаттарын олардың заңды өкілдері (ата-аналары, қамқоршылары, қорғаншылары) береді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.13. N 1080 Қ а у л ы с ы м е н .

8. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының өздері немесе олардың заңды өкілдері аумақтық ішкі істер органдарына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтініш - с а у а л н а м а ;

2) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі мен төлқұжаты;

3) шығатын адамдардан алименттер алуға заң бойынша құқығы бар Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың (ата-аналары ортақ некеден кәмелеттік

жасқа толмаған балалары бар болса, бұрынғы жұбайлары және басқалар) шетке шығуына қарсы еместігі туралы нотариалды түрде куәландырылған өтініші. Өтініш иесі қандай да болмасын себеппен мұндай өтініштерді ала алмаған жағдайда, мәселе сот тәртібімен шешіледі;

4) алынып тасталды

5) әскери есептен шығару және әскери билетті тапсыру туралы анықтама;

6) шығуы туралы шешім қабылдаған кезде 10 жасқа толған баланың пікірін ата-анасының не өзге де заңды өкілдердің есепке алуы туралы қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қорытындысы;

7) 18 жасқа толмаған Қазақстан Республикасының азаматтары ата-анасының біреуімен (қамқоршысымен, қорғаншысымен) бірге тұрақты тұруға шыққан кезде Қазақстан Республикасының аумағында тұратын екінші ата-анасының нотариалды түрде расталған келісімі. Ата-анасының біреуінің келісімі болмаған кезде, кәмелетке толмағанның шығуы сот тәртібімен шешіледі.

Азаматтардан басқа құжаттарды сұратуға жол берілмейді.

Ішкі істер органдарына құжаттарды делдал заңды және жеке тұлғалардан қабылдауға тыйым салынады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.31. N 479 , 2007.11.13. N 1080 қаулыларымен.

8-1. Аумақтық ішкі істер органдары Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға шығу туралы өтініш білдірген азаматтарда Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығудан бас тарту негіздерінің жоқтығына тексеру жүргізеді.

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға шығу туралы өтініш білдірген азаматтарға қатысты ішкі істер органдарының сұрау салуларын мүдделі мемлекеттік органдар он күн мерзімде қарайды.

Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.31. N 479 қаулысымен.

9. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға шығу рұқсатын беру туралы шешім осы Ереженің 8-тармағында санамаланған барлық құжаттар берілген күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей қабылданады.

10. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге уақытша жұмыстарымен шыққан, сол жерде тұрақты тұруға қалу ниетін білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарына тиісті рұқсат беруді Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері, өтініш білдірушінің Қазақстан Республикасындағы соңғы тұрған жері бойынша, аумақтық ішкі істер органдарының келісімімен жүргізеді.

11. Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тұрақты тұратын және Қазақстан Республикасында уақытша болатын Қазақстан Республикасының

азаматтары, тұрақты тұратын жеріне Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктерінің немесе консулдық мекемелерінің консулдық есепке алу туралы белгісінің не ішкі істер органдарының олардың шекарадан тысқары тұрақты тұру фактісін растайтын белгісі негізінде шығады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК